

ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

Ахметжанова З.К. К вопросу о казахстанской модели межкультурной коммуникации	6
Ахметова Ж.Н. К вопросу определения стереотипов: аспекты изучения, виды и структура	11
Әміреев Н.Ә. Әдеби тілде жазу мәдениетін дамыту	17
Бегалиева Л.Б., Садыр Г.А. Ұлттық таным ұғымын білдіретін зат есімді синонимдер ...	26
Джарасова Т.Т., Рскелдиева Д.Б. Заманауи мамандық атауларындағы англицизмдер мен американизмдер	33
Каирбекова И.С. «Бауырсақ» сөзінің метафоралық ерекшелігі	38
Купаева А.К. Орхон ескерткіштер тіліндегі қос сөздердің құрылымдық-семантикалық модельдері	43
Мәдиева Г.Б., Алтынбекова О.Б., Мамбетова М.Қ. Жоғары оқу орындарының білім беру қызметіндегі дәстүрлер мен инновациялар	51
Мәмбетова М.Қ., Медетбекова П.Т. Тілдік санадағы клишелік құрылымдар (ресми-іскери стиль материалы бойынша)	58
Нестерик Э.В., Эм Т.В. ИмPLICITные средства воплощения эмоциональной оценки в художественном тексте	63
Печерских Т.Ф., Нестерик Э.В. Концепты «добро» и «зло» в английской и русской паремической картине мира	68
Садуақасова С. Ә. Медиа-мәтіндегі саяси метафорлардың функциясы мен семантикасы .	74
Сансызбаева С.К. Национально-маркированные концепты языкового сознания	83
Таусоғарова А.Қ. Фонограмма мәтініндегі дейксистердің функционалды-семантикалық ерекшеліктері	89
Ташимханова Д.С. Просторечие как средство стилистического своеобразия речи	93
Туманова А.Б. Модусные смыслы в художественном дикуurse русскоязычного писателя	98
Умирзакова З.А. К вопросу об анализе коммуникативных тактик сложного коммуникативного акта	103
Хусаинова С.К. «Строительная» метафора как отражение модели общества	109
Яворская Э.Э. Современные подходы к изучению стереотипов в условиях образовательной среды	114

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Есеналиева Ж.Ж. Тілдердің құрылымдық типтерін анықтау мәселесіне	120
Есеналиева Ж.Ж. Заманауи лингвистикалық типологиядағы құрылымдық салғастырмалы парадигма	126
Жуманбекова Н.З., Хасеинова Г.С. Общее и специфическое во фразеологических единицах, выражающих состояние гнева в немецком и казахском языках	132
Кнынова Ж.К. Историко-культурная информация в словах с неполногласием и способы ее воссоздания в художественных переводах	141
Қаймова Б.Қ., Джарасова Т.Т. Түс компонентті фразеологиялық бірліктердің этномәдени ерекшеліктері	147

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Алиева Д.А. Художественное своеобразие произведения «Тарих-и Рашиди» Мухаммеда Хайдара Дулати	153
Аргынбекова Ә.О. Әбу-л-Фарадж әл-Исфаханидің «Мәджнуну Ләйлә» повесіндегі негізгі образдар	158
Бекназаров Б.А., Мырзахметов М. Два подвига Баурджана Момышулы	163
Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулар поэзиясындағы дүние жаратылысы туралы тұжырымдар	168
Ержанова С.Б., Сағынаева Г.Ә. Есенғали Раушанов поэзиясындағы рух және жаңашылдық	176
Жанұзақова Қ.Т., Саметова Ж. Әдебиеттанудағы стиль ұғымы мен Ә. Кекілбаев прозасының көркемдік, стильдік ерекшеліктері	187
Зайкенова Р.З., Балтабаева Н.С. Жанр құраушы факторлар және эссе табиғаты	193
Зейнулина А.Ф. Герольд Бельгердің әдеби руханияттық әлемі	201
Имаханбет Р.С., Оспанова Г.Т. Ахметтанудағы өзекті мәселелер және ұлттық ғылым	206
Қадыров Ж.Т., Таласпаева Ж.С. Поэзия тілінің ажары	212
Қамарова Н.С. «Қара шал» әңгімесіндегі қызыл айғыр образы	218
Локтионова Н.П. У. Голдинг о сущности современной цивилизации (из опыта изучения романа-притчи «Повелитель мух»)	223
Мамбетова М.Қ., Искакова Г.Н. Ежелгі түрік мемлекеттілігі – түрік әлемінің тұтастығын қамтамасыз еткен суперкүш	228
Отарова А.Н. Қ. Ергөбек зерттеулеріндегі ұлттық мұрат	235
Садыков С.С. Публицистика Марата Кабанбаева в первые годы независимости	239
Таласпаева Ж.С., Қадыров Ж.Т. М. Мағауин шығармаларының рухани мәдениет аясы .	250

ТІЛДІҢ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІҢ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Абдрахманова Б.К. Эффективность использования стратегий критического мышления в обучении английскому языку	257
Алтынбекова Г.К. К вопросу о грамматикализации вузовских языковых дисциплин	262
Дүйсенова М.М. Сөз тіркесін оқыту үрдісінде танымдық қызығушылықты дамыту жолдары	267
Ескиндиrowa М.Ж. Устный перевод: традиционные и инновационные подходы	272
Yemelyanova Ye.V., Kachan O.L. Teaching non-language students to esl on the basis of module technology	278

ШОЛУЛАР, СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

ОБЗОРЫ, КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

Әбілқалық К.С., Орынханова Ғ.А. Қазақ алфавитінің мәселесі туралы алғашқы сын пікі	284
Журавлева Е.А., Агманова А.Е. Элеонора Дюсеновна Сулейменова (К 70-летию со дня рождения)	290
Журавлева Е.А., Асмагамбетова Б.М. Халима Адамовна Бекмухамедова (К 90-летию е	

Ә.О. Арғынбекова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

ӘБУ-Л-ФАРАДЖ ӘЛ-ИСФАХАНИДІҢ «МӘДЖНУНУ ЛӘЙЛӘ» ПОВЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ ОБРАЗДАР

Шығыс халықтары әдебиетіндегі «Ләйлә- Мәжнүн» дастанының негізі араб әдебиетінде жатыр. Автор мақалада араб деректерін жинаушы Әбу-л-Фарадж әл-Исфahanидің «Китәб әл-агани» («Әндер кітабы») (Хг.) антологиясының екінші томында берілген ақын Мәжнүн туралы повесіндегі негізгі образдар жиынтығын қарастырады. Негізгі және жанана дереккөздеріне сүйене отырып, кейіннен шығыс әдебиетінде бірнеше дастандардың негізі болып табылатын повестегі образдар туралы мәліметтер береді.

Тірек сөздер: ақын, ғашықтық, қайғы, күрес, өлең, ессіз махаббат.

X-шы ғасырға дейінгі белгілі араб поэзиясы мен аңыздары «Әндер кітабы» («Китәб әл-агани») антологиясында жинақталған. Жиырмадан артық томнан тұратын антология авторы белгілі араб әдебиетшісі, ақын, генеалог, музыкант Әбу-л-Фарадж әл-Исфahanи еңбегінде заманында белгілі араб өлеңдері мен аңыздарды, олардың шығу тарихы туралы мағлұматтарды мұқият жинастырып жазған. Аталмыш еңбектің II-ші томында Ләйлә үшін есінен адасқан ақын Мәжнүн туралы аңыз берілген.

Әл-Исфahanи еңбегінде Бәну ‘Амир тайпасы шейхының ұлы Мәжнүн сұлу, изгілікті жігіт. Мәтін бойынша Мәжнүн образы «Әйелдерге оның сұлулығы мен қоса изгіліктілігі қатты ұнады» [1, 12] немесе «Ол ең сұлу, инабатты. Араб поэзиясын ең жақсы білетін еді, әңгімеде одан өткен әңгімеші жоқ» [2, 15] деп сипатталады. Әке өліміне қатты қайғырады, сондай-ақ Мәжнүн махаббаты берік, сезімі пәк. Қыз әкесінің құдалықты қабылдамай қойғаны хабарын естігеннен кейін Мәжнүн үлкен қайғыға душар болады. Туыстары Мәжнүнді жұбату мақсатында тайпаның көңілі қалаған қызына үйленуін сұрайды «Оның Ләйләден басқа ешкімге көңілі аумады. «Ләйлә» деп сандырақтауын қоймады. Бойын қайғы мен мұң биледі, махаббат сезімін баса алмады» [3, 22]. Мәжнүн- махаббат жолында азап шегуші, махаббат сезімінің бойын билеп алғаны соншама өмірдегі барлық нәрсе ол үшін маңыздылығын жояды. «Тағдырда мен ол үшін жаратылмағанмын» [4, 70] деп тағдырына мойынсұнған. Аңыздағы ақын сезімінің динамикалы дамуы жоқ. Жүрегін қайғы-мұңға беріп қойып, өзінің пассивті жағдайында қала береді, еш әрекет, қандай да болсын ғашығыммен қосыламын деп белсенді іс-әрекет жасамайды, жүрегіндегі ғашықтық сезім азаптарын сақтай береді. Бірақ осы азаптарды көтеру үшін де көп күш керек екенін мойындау қажет. Мәжнүн ауырып жатқан кезінде Ләйләға «Сен ғана ауруымның дауасысың, емісің. Менің өлімім де, өмірім де тек сенің қолыңда» [5, 65]. Мәжнүн өзінің ғашығының жолында бәрін тәрк етіп, бар дүниенің қызығынан безінуге даяр. Ол өзінің ғашықтық жан жарасын емдеп жазу жолында ештеңеден аянып қалмақ еместігін көрсетеді.

Аңыздағы Мәжнүн бейнесі- ессіз ғашық ақын «...киімдері алба-жұлба, тек Ләйлә есімін естіген кезде ғана бір сөзден жаңылмай есті адамдай сөйлеседі, махаббат тақырыбына шығарылған өлеңдерге тақпақтап жауап береді. Намаз оқымайды, ол жайында сауалға да еш тіл қатып жауап бермейді» [6, 16]. «Оған жас жігіттер келіп Ләйлә жөнінде әңгіме айтып, өлеңдер оқиды. Мәжнүн оларға көкейге қонатындай жауап береді» [7, 17]. Иманы берік әрбір адамға уәжіп болып табылатын намаз оқуды Мәжнүннің тастап кетуі ұлт, мұсылман санасында тек ессіз ғана жасайтын ақылға қонбайтын іс. Бұл фактіні бере отырып аңыз Мәжнүн образының ессіздігін қоюландыра түсетін сияқты.

Оған тағы да бір мысал ретінде Мәжнүннің қасиетті Меккеге қажылық сапарын кетейік: «Сол кезде одан ес кетті, барлығын шатастыра бастады, өзін-өзі ұстай алмады. Далада тағы аңдармен бірге жүрді, шөптермен қоректенді, суаттан қарақұйрықтармен су ішті. Үстін шаш басып кетті, аңдар оған үйреніп кеткені соншама, одан үркіп қашпайтын болды» [8, 22].

Хроникалы түрде берілмеген аңыз сюжеттерінде Мәжнүн қайта-қайта азап шегеді, өзі махаббат азабының қайнар көзіне айналады. Ғашығынсыз өмір сүргенше өлгені артық. Билеушінің өзін сотсыз өлтіре беруге болатындығы жөніндегі әмірді «...өлім маған жағымдырақ. О, олар мені өлтірсе екен!» [9, 26] деп армандайды.

Мәжнүн замандастарын тамсандыратын әдемі өлеңдердің авторы. Ақын поэзиясында жалғыз ғашығы, оның әсем көркі, көңілінің ынтығы айтылады. Ұлы махаббат сезіміне толықтай берілген Мәжнүн қандай да болмасын сынақ пен құрбандыққа даяр. Мәжнүн поэзиясына әйелжандылық тән емес, тек биік махаббат сезімі лебі бар. Ақын махаббаты пәк, ойы таза. Дегенмен де аңыздың 24-ші бетінде «Мәжнүннің Ләйлә күйеуінен Ләйләмен жақындығы жайында сұрауы» деп аталатын бөлімде өлең жолдары бар:

Өтінемін, шыныңды айтшы,

Таң сәресінде Ләйләні құштың ба?

Дымқыл аузынан өбтің бе?

Бұйра шашы жайқалды ма?

Айтшы, сен оның деміндегі сездің бе?

Бал, алоэ, мускус және шафран мен сандалдың иісін.

Бұл жөнінде академик И.Ю.Крачковскийдің сөзін келтіре кету қажет: «Объяснить это можно двояко: или в ранней версии повести образ исторического живого Маджнуна еще не очищен от тех черт, которые впоследствии были признаны чуждыми для него, или в ней слились рассказы о нескольких Меджнунах, о которых говорят арабы» [10, 613]. И.Ю.Крачковскийдің пікірінше араб поэзиясындағы бұл дастан барлық халықтар поэзиясындағыдай ғашықтық дастандардың көп нұсқалылығы болуы мүмкін деген пікірге саяды. Кейін барлық ғашықтықтан құса болғандар атынан Мәжнүн жиынтық образ тудыруы да мүмкін ғой.

Аңызда Мәжнүннің өзі өмір сүрген қоғаммен, қоғамды билеген қағидалармен күресі айқын сезіледі. Мәжнүн махаббаты еш ақылға қонбайтын махаббат, өзге түгіл өз ата-анасы баласының ессіз махаббатын түсінбейді. Адамдардан түсінушілік таппаған Мәжнүн тағы аңдармен және құстармен достасып кетеді, себебі Мәжнүн пендешіліктен ада, рухы қарапайым адамдардан биік. Мәжнүн сезімін жұбынсыз қалған махаббат символы көгершін, бақытты күндерінің куәсі болған әт-Тәубәд тауы түсінеді. Сол бақытты күндері, сүйіктісі Ләйлә бейнесі оны жұбатады. Мәжнүн өзін түсінбеген адамзат қоғамынан безініп, өзіне жақын жан иелерін табиғаттан табады, табиғатпен сырласады, табиғатқа мұңын шағады.

Мәжнүн өлеңдерінде Ләйлә бейнесі пәктік пен махаббат символы ретінде берілген. Дүниедегі барлық әдемілік пен тазалық тек Ләйлә ғана, Ләйләсіз еш өмір жоқ. Ақын қайтсе де ғашығына қол жеткізуі керек, тек сонда ғана бақытты болмақ. Былайша айтқанда Мәжнүн үшін Ләйләсіз өткен өмір- тұл өмір. Мәжнүннің әкесі туыстармен құда түсе барғанда қыз әкесі келісімін бермейді. Бұл хабарды естіген Мәжнүннің есі ауатыны жөнінде жоғарыда айтылған. Аңыздың бірнеше жерінде ғашықтық дерті бойын жайлаған Мәжнүн Ләйлә есімі аталғанда есі ауып құлап қалады, тек Ләйләға шығарған өлеңдері оқылғанда ғана жауап кайтарады. Әбу л-Фарадж әл-Исфаханидің «Мәджнуну Ләйлә» аңызының «Мәжнүн әкесінің ұлының Ләйләға ғашық болу хикаясы жөнінде» атты бөлімде «Үстіне еш киім кимейді, киген киімінің барлығын жыртып тастайды, жалаңаш жүреді, топырақпен ойнайды, маңайына сүйектер жинап алады. Есіне Ләйлә түскенде есін жиып, ғашығына арнап өлең шығарады. Неге намазды тастап кеттің деген сауалға бір дыбыс шығарып жауап бермейді...» [11, 16] деп жазылған. Аңызда ақынның Ләйләға

шығарған өлеңдері келгеннен кейін көбіне Мәжнүн «сақата мұғашшиан» немесе «фақада нәфсәһу», яғни «есінен танып құлады» немесе «есінен танды» деп жазылған.

Мәжнүн Ләйләні қараңғы түндегі жарыққа теңейді «Менің жарығым, онсыз дүние қараңғы түнектей,...» [12, 51], «Нәзік иілімді мойны бар...» [13, 47], «Сенен өткен жаралған жок...» [14, 61], «Қозғалғанда шашынан амбра мен базиликтің хош исі шығып тұрады» [15, 81], «Күндей, шуағы жақын, өзі алыс...» [16, 65], «Бұйра шаш бұрымын қызғылт түсті баумен қоса өріп...» [17, 81], «Жасанды жалған емес әппақ өзі...» және де «Көз шағылыстыратындай әппақ, түнгі суық қанаттарының ішіндегі айдай...» [18, 83] деп сипаттайды. Кейбір өлеңдерінде оған 'Умм Мәлик лақап атын қолданады. Ол туралы аңызда «Ләйләға 'Умм Мәлик лақап атын қою турасында» атты бөлімнің бар екенін білеміз: «Маған Ибн әл-Мәрзубан айтты: 'Әбу 'Убайдадан естігенін' Али бин әл-Муғира әл-'Әсрами Мухаммад бин әл-Хасан бин Динар әл-'Ахуал айтты: Мәжнүн Бәну 'Амирдің сүйген ғашығы Ләйлә бинт Маһди бин Са'д бин Маһди [бин Раби'а-осылай берілген-Ә.А.] бин әл-Хариш, оның лақап аты 'Умм Мәлик. Ол туралы Мәжнүн өзінің бәйтінде былай деген:

Алланың мекені жақын сияқты, о, 'Умм Мәлик,

(бұрын) кең болған дүние мен үшін тарылуда» [19, 39,40]. Аңызда Мәжнүн өлеңдерінде бұл жағдай бірнеше рет кездеседі.

Жалпы, қолымыздағы «Мәджнун Ләйлә» нұскасында Ләйләнің образы екі жақты образ деуге болады. Аңыздың 44-ші бетінде «Оның Ләйләға деген махаббаты туралы Раббах әл-'Амирийдің айтуы» деп аталатын бөлім бар, онда жанама дерекшілер Раббах ибн Хабиб әл-'Амириден Ибн Дә'б одан Абд әл-Азиз бин Салихтен Абдалла бин 'Әбу Са'дтан Ибн Әл-Мәрзубан негізгі дерешілер болып табылатын автордың ағасы мен Мухаммад бин Хабибке айтыпты, олар өз кезегінде әл-Исфакханиге келесі мағлұматтарды жеткізген: «Ләйлә Бәну әл-Хариш тайпасынан Мәһди бин Са'ид бин Маһди бин Раби'а бин әл-Хариштің қызы... әйел затының ең әдемісі, әсемі, назды, әдепті және шырайлысы». Келесі мағлұматтарда Ләйлә «Осы кезге дейін көзім көрмеген жарты айдай сұлу» [20, 87]. Аталмыш еңбектің 88-ші бетінде Мәжнүн әкесінің Ләйләні «...ұлымның армандауына да келмейтін» деп бағасын түсіре сипаттаған сөздері берілген. Аңыз мәтін оқығанда бір жерде Ләйлә қозылар мен боталарды бағып жүрген қарапайым бәдәуи қызы болса, 81-ші беттегі мағлұматтарға сүйенсек Ләйлә қаланың назды ерке қызы. Оған келесі өлең жолдарын мысалға келтіре кетейік:

'Амириттік Ләйлә олардың артынан кербездене жүрді,

Бұйра шаш бұрымын қызғылт түсті баумен қоса өріп.

Әсем шашынан таракты жүргізгенде,

Қозғалғанда шашынан амбра мен базиликтің хош исі шығып тұрады [21, 81].

Бұл жерде де бұл аңыздың И.Н.Крачковский келтірген дерекке жақын екендігін, яғни аңыз барысында келтірілген Мәжнүннің жиынтық бейнесіндей Ләйлә да бірде армандауға да тұрмайтын сиықсыз бойжеткен, бірде үріп ауызға салғандай керемет сұлулық несі, бірде көшпенді бәдәуи тайпасының қызы, келесіде үлде мен бүлдегеге оранған ерке сылқым болып баяндалады. Жалпы, аңыздағы Ләйләнің образын белсенді емес деуге болады. Аңыз мазмұнына көз жүгіртсек, Ләйләні тек бірнеше ғана эпизодта көреміз: Ләйлә Мәжнүннен махаббат сезімін жасыруды сұрайды; Ләйлә Мәжнүнге кездесу жөнінде берген уәдесін бұзады; май, от шишасы эпизодтары; ауру Мәжнүнге анасының өтініші бойынша келуі; Мәжнүн мен Ләйлә делдал арқылы байланыс ұстауы. Осы эпизодтардағы Ләйләнің өз махаббаты үшін күреспей, сырт көзден қорқып сезімін жасыруы, Мәжнүнге өтінішін өлең арқылы ғана білдіруі, Мәжнүннің жағдайын есіткеннен кейін ғашығына арнап өлең шығаруы, делдал арқылы ғашығымен байланыс ұстауы Ләйлә образының аңыздағы пассивті образ екендігін дәлелдей түскендей. Ләйләнің манайындағы оқиғалардың дамуын, жалпы Ләйләнің хал-ахуалын Мәжнүн өлеңдері арқылы біліп отырамыз. Ләйлә аңыздың соңында оқиғаның даму сюжетінен түсіп қалады. Мұндағы түйін негізінен адамзат басындағы қасиетті ұғым махаббатты дәріптеу, оның жолында

күрбан болу, яғни ақыл естен адасу. Аңыздың түйіні Мәжнүннің өлімінен кейін қыз әкесінің өкінішімен бітеді де, Ләйләнің жағдайы, арғы тағдыры туралы еш мағлұматтар берілмеген. Дегенмен аңыздың 72-ші бетінде мынандай жайттар сөз болады: «Халид бин Хамал 'амириттіктерден естігенін айтады: Ләйләнің әкесі мен күйеуі Меккеге сапар шегіп кеткен кезінде Ләйлә Мәжнүнге күтуші қызды жіберіп шақыртады. Мәжнүн таң ата Ләйләнің үйінен шығады...Бұл Мәжнүннің Ләйләні көрген соңғы түні болды. Мәжнүн осыдан кейін Ләйләға арнап өлең шығарды...».

Ләйләнің өмір сүрген әлеуметтік ортада әйелдің махаббаты заңға сай келмейтін қылмыс болып табылады. Аңызда Ләйлә образына көп көңіл бөлінбеген. Оның қызметі Мәжнүн өлеңдеріне рух беру ғана сияқты сезім қалдырады. Ләйләнің өз ырқы, жеке дербес пікірі жоқ. Ләйлә- заманы тудырған қағидалар жиынтығынаың құлы іспеттес, сонымен қатар Ләйлә махаббатының да құлы. Ләйләнің жүрегінде ата-ана алдындағы борыш пен Мәжнүнге деген махаббаты арасындағы күрес тынымсыз жүріп жатады. Ләйлә бейнесі тек жалғыз араб қыздарының басындағы мұң мен қайғыны паш етіп қоймай, сол кезеңдегі барлық шығыс аруларының бейнесін де сомдауға арқау болған образ десе де болады. Бұл дастан негізінде кейіннен шығыс халықтарында көптеген ғашықтық дастандар өмірге келді. Ол дастандар желісі де тура «Мәджнуну Ләйлә» аңызын қайталамаса да өз сүйгеніне қосыла алмаған көптеген ғашықтардың өмір күресін, бақыты үшін жүріп өткен жолдары мен қиындықтары жайлы баяндалады. Көптеген шығыс аңыздарында бақыт жолында бірлесе күресіп, махаббат жолында өздерін күрбан еткен ғашықтар жайлы да баяндалады.

Кейде жүрегімдегі махаббат әмір береді:

Тұр, құр секілді мына қарға мен кезкүйрықтардан қаш!

Кейде жақсы ат пен ұят айтады:

Жайыңа кел, сұңқар әркез құрдан мықты.

Ләйлә өз тағдырын өзгертуде еш әрекет жасамайды, тағдыры өзіне күн ілгері белгілі, тағдырдың ырқына әбден көніп алған кейпі бар.

Көркем шығармадағы Ләйләнің образына түйін жасау үшін сол дәуірдегі туған лиро-эпикалық шығармалар мазмұны негізінен төмендегідей болып келеді:

а) Кейіпкерлердің шығу тегі;

ә) Махаббаттың басталуы;

б) Ақынның қызға құда түсуі; Қыздың өзге адамға тұрмысқа шығуы (немесе тұрмысқа берілуі);

в) Ақынның ғашығына деген махаббатының ұлғаюы және махаббат жолында сандалуы;

г) Ақынды «заңға қарсы әрекет етуші» деп тану;

д) Ақынды махаббат дертінен жазудағы туыстары еңбегінің нәтижесіз болуы;

е) Ақынның (немесе ғашықтардың) өлімі.

Мазмұн аясының осы топтамаға жататын узриттік махаббат дәуірінде туған «Джамиль мен Бусайна», «Тауба мен Ләйлә әл-Ахйалийя» және «Кусаййир мен 'Азза» повестеріндегі әйелдердің образымен «Мәджнуну Ләйлә» аңызындағы Ләйләнің образы үндес болып келеді. Не дегенмен де аңыздағы Ләйлә образы арқылы сол кезең әдебиетіндегі араб әйелдердің образдары, нақты осы шығармадағы және де жалпы сол дәуір әдебиетіндегі араб әйелдерінің образдарымен танысқандай боламыз.

Шығармада Мәжнүн мен Ләйләдан басқа да кейіпкерлер бар. Әрине бұл ретте баласының амандығы үшін күресуші ақынның ата-анасы, Ләйләнің ауқатты, қатал, әдет-ғұрыптарға берік әкесінің образдарын айтамыз. Араб аңызы бойынша Медине әмірінің салық жинаушылары: бірі- Науфал ибн Мусахик, екіншісі- 'Омар немесе Мухаммад 'Абд ар-Рахман ибн 'Ауф (екеуі де тарихта болған адамдар). Сонымен қатар Мәжнүннің аттас замандасы, ақын Қайс ибн Зарих образы берілген. Тағы сол сияқты аңыздың 92 бетінде кездесетін Мурра тайпасының Мәжнүн өлеңдерін жинаушы бала, Мәжнүннің қажылық сапарында серіктес болған ағасының ұлы Зиййад бин Ка'б бин Музахим, Мурра

тайпасының шейхі, Ләйләнің көршісі Кәрима, Муназил, Маймун бұлағы басында кездескен жас жігіт, және т.б. аңызда мазмұнында маңызды рөл ойнамайтын шығарма желісін соншалықты өзгертпейтін бірнеше кейіпкерлер бар. Дегенмен бұл тақырып келесі ізденіс жұмысында сөз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992. (уточните, правильно ли оформлено)
- 2 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 3 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 4 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 5 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 6 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 7 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 8 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 9 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992
- 10 Крачковский И.Ю. Ранняя история повести о Маджнуне и Лейли в арабской литературе. Избр. соч. – Т. 2. – М.-Л., 1956.
- 11 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 12 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 13 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 14 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 15 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 16 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 17 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 18 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 19 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 20 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.
- 21 Әбу л-Фарадж әл-Исфахани. Китабу л-ағани. 2т. Мысыр. 1992.

Автор в данной статье рассматривает совокупность главных образов повести о Меджнуне, приведенной во втором томе «Китаб ал-агани» (Xв.) автором которого является известный средневековый источниковед Абу-л-Фарадж ал-Исфахани. Также в статье даются данные об образах, опираясь на главные и второстепенные источники, которые в последствии стали основой для создания дастана о любви Лейли и Меджнун.

The author of this article considers the whole of the main characters in novel about Majnun given in the second volume of "Kitab al-Aghani" (X century.) by famous medieval source-study expert Abu al-Faraj al-Isfahani. The article also gives information about the characters, based on primary and secondary sources, which later became the basis for the creation of the dastan about love between Layla and Majnun.